

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 шілде N 937. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.24. N 1307 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 50, 494-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы ережеде:

мәтіндегі "шаруашылық жүргізуші субъектілер" деген сөздер "рынок субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "баға белгілеу, бәсекелестік пен бизнесті (кәсіпкерлікті) дамыту" деген сөздер "табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу, баға белгілеу, бәсекелестік пен бизнесті (кәсіпкерлікті) дамыту, тұрғын үй-коммуналдық реформалар жүргізу және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

6) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бәсекелестікті дамытуға, (шағын) кәсіпкерлікті қолдауға, тұрғын үй-коммуналдық реформалар жүргізуге және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыруға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-әрекеттерін үйлестіру;"

мынадай мазмұндағы 8), 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) кәсіпкерліктің құқықтарын қорғауға бағытталған заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

9) тұрғын үй-коммуналдық реформалар және тұтынушылардың құқықтарын

қорғауды жүзеге асыру саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және оны іске асыру." ;

10 - тармақта :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) табиғи монополиялардың, тауар рыногының жұмыс істеуіне, бәсекелестікті дамыту, баға белгілеу, тұрғын үй-коммуналдық сала мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысы бар заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына сараптама жасауды жүзеге асыру;" ;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие, бәсекені шектейтін және монополистік қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізу;" ;

мынадай мазмұндағы 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30) тармақшалармен толықтырылсын:

"19) рынок субъектілерінің орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді өз құзыретінің аясында әзірлеу және бекіту;

20) өз құзыреті шегінде монополияға қарсы заңдарды бұзушылық туралы істерді қарау және олар бойынша шешім қабылдау;

21) сатып алынуы шағын кәсіпкерлік субъектілерінен жүзеге асырылуға тиісті тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) түр-түрінің номенклатурасы және олардың көлемдері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

22) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржылық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды пайдалануына жеңілдікті жағдайлар жасау туралы ұсыныстар әзірлеу;

23) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне байланысты проблемаларды шешуде орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өзара іс-әрекеттерін ұйымдастыру ;

24) Үкіметке, шағын кәсіпкерлікті қолдауды қамтамасыз ету мақсатында, оларға қатысы бар салық салу жүйесін жетілдіру қаржылық және несиелік саясатты өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізу;

25) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік меншіктегі үйлерді, ғимараттарды, өндірістік үй-жайлар мен өзге де мүліктерді жеңілдікпен беру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

26) шағын кәсіпкерлікті, оның субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін, олардың шағын кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесетін шетелдік әріптестермен сауда, ғылыми-техникалық, өндірістік және өзге де

байланыстарын қоса алғанда, мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

27) Қазақстан Республикасының Президентін және Үкіметін шағын кәсіпкерлікті қорғау және мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі заңдарды бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабардар ету;

28) шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың салалық және аймақтық бағдарламаларын ұйымдастыру және үйлестіру;

29) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыру;

30) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.";

1 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацы "Агенттіктің" деген сөзден кейін "өз құзыретінің шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) табиғи монополия субъектілерінің өндірістік мұқтаждарға арналған материалдық және қаржылық ресурстарды, жабдықтарды тендерлік негізде сатып алуын бақылауды жүзеге асыру;"

5-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) рынокта үстем (монополиялық) жағдайдың болуын анықтауға";

10), 11), 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) бәсекені дамытуға, монополияға қарсы органның нұсқамаларын орындауға кедергі келтіретін және заң актілерінде көзделген өзге де тәртіп бұзушылықтар үшін рынок субъектілері мен олардың басшыларына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына айыппұл салу туралы шешімдер қабылдауға ;

11) мемлекеттік органдарға, олардың лауазымды адамдарына, рынок субъектілеріне тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес пайыздан асатын не тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілеріне, олардың басшыларына орындау үшін міндетті нұсқамалар беруге;

12) Агенттіктің мәжілістерінде мемлекеттік органдардың, тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес пайыздан асатын не тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің лауазымды адамдарын тыңдауға ; " ;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) егер тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес пайыздан асатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің пайда болуына жеткізетін болса, сондай-ақ тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін қайта ұйымдастыруға, таратуға әкеп соғатын болса, рынок

субъектілерін құруға қорытынды беруге;"

мынадай мазмұндағы 20), 21), 22), 23), 24) тармақшалармен толықтырылсын:

20) мемлекеттік органдарға монополияға қарсы заңдарды бұзатын олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

21) заңдарға қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді прокуратура органдарына жіберуге;

22) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызмет көрсетулеріне) бағаларды мемлекеттік реттеуді енгізу туралы шешім қабылдауға;

23) рынок субъектілерінің жарғылық капиталындағы акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу кезінде және өзге де жағдайларды монополияға қарсы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

24) заңдармен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі